

8D10102 – «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған Балапашева Әйгерім Алдиярқызының «Ақтөбе қаласының провизорлық стационарларында COVID-19 пандемиясына дейінгі және кезіндегі бактерияға қарсы препараттарды тұтынудың ұтымдылығын кешенді бағалау» тақырыбындағы докторлық диссертациялық жұмысына, фармакология, клиникалық фармакология кафедрасының доценті, PhD, қауымдастырылған профессор Мусина Айгуль Закариевнаның

ПІКІРІ

Балапашева Әйгерім Алдиярқызы 2021 жылы 8D10102 – «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша PhD докторантурасына мемлекеттік грант негізінде қабылданды. Докторантурада оқу және диссертациялық зерттеуді орындау барысында өзін ғылыми жауапкершілігі жоғары, дербес ғылыми қызметке қабілетті, білікті зерттеуші ретінде көрсетті.

Докторант зерттеуді жоспарлау және жүргізу кезеңдерінің барлық сатыларына белсенді қатысып, жоғары деңгейдегі дербестік танытты. Ол зерттеу әдіснамасын әзірлеу, бастапқы деректерді жинау, өңдеу және оларды ғылыми тұрғыдан талдау жұмыстарын өз бетінше орындады. Атап айтқанда, диссертациялық зерттеу шеңберінде Ақтөбе қаласының стационарларында COVID-19 кезінде емделген пациенттердің стационарлық медициналық карталарына кешенді ретроспективті талдау жүргізді. Сонымен қатар, пациенттердің клиникалық материалдары бойынша жүргізілген микробиологиялық зерттеулердің нәтижелерін дербес талдап, микроорганизмдердің түрлік құрамын және олардың антибиотиктерге сезімталдық ерекшеліктерін зерттеді. Диссертациялық жұмысты орындау барысында Әйгерім Алдиярқызы Балапашева зерттеудің аналитикалық бөлімін әзірлеуде, ғылыми жұмыстың құрылымы мен мазмұнын жоспарлауда, сондай-ақ отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге жан-жақты талдау жүргізуде жоғары дербестік деңгейін көрсетті. Ол дәлелді медицина қағидаттарын, халықаралық ұсынымдарды және заманауи ғылыми деректерді тиімді қолдана білді.

Докторант ғылыми конференциялар мен семинарларға белсенді қатысып, өз зерттеу нәтижелерін ғылыми қауымдастық алдында таныстырды. Ғылыми ақпаратты ауызша баяндау және жазбаша түрде рәсімдеу барысында жоғары кәсіби деңгейін көрсетті. Сонымен қатар, ғылыми жарияланымдарды дайындауға тікелей қатысып, зерттеу нәтижелерін отандық және халықаралық ғылыми басылымдарда жариялады.

«Ақтөбе қаласының провизорлық стационарларында COVID-19 пандемиясына дейінгі және кезіндегі бактерияға қарсы препараттарды тұтынудың ұтымдылығын кешенді бағалау» тақырыбы бойынша докторант 8 ғылыми мақала жариялады. Олардың ішінде Scopus және Web of Science халықаралық дерекқорларында индекстелетін басылымдарда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі ұсынған ғылыми журналдарда жарияланған мақалалар бар. Бұл жарияланымдар диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңашылдығы мен өзектілігін толық растайды.

Докторанттың ғылыми қызығушылықтары клиникалық фармакология, фармакоэпидемиология және фармакоэкономика салаларын қамтиды. Кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында ол бірқатар білім беру курстарынан өтті, соның ішінде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Қазақстандағы өкілдігі ұйымдастырған, стационарлық деңгейде бактерияға қарсы препараттарды ұтымды қолдану мәселелеріне арналған оқу курсына қатысты. Бұл оның кәсіби дамуға, ғылыми жетілдіруге және үздіксіз білім алуға деген жоғары ынтасын көрсетеді. Диссертациялық жұмыс белгіленген мерзімде толық

